e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 07.10.2026
Сақтау күні 04.11.2026
Дата редакции 07.10.2026
Дата скачивания 04.11.2026

Жамбыл ауданының (Алматы облысы) әкімдігі

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 7 қазандағы № 355 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылы 13 қазанда № 40155 болып тіркелді

Акимат Жамбылского района

«Жамбыл ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы» Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 қаңтардағы № 46 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1.«Жамбыл ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы» Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 қаңтардағы № 46 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4519 болып тіркелген).

2. «Алматы облысы, Жамбыл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны алғашқы ресми жарияланғаннан кейін Жамбыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы әкімі **Н. Ертас**